

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № А-2/12 қаулысы

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген), Шортанды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Шабаров

Шортанды ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "22" қаңтардағы
№ А-2/12 қаулысына
қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

№ п/п	Тұрғын үй мекенжайы	Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері, теңге (айына бір шаршы метр үшін)
1	Шортанды ауданы Шортанды кенті Новая көшесі 2 үй (кондоминиум объектісінің құрамына кірмейді)	87